

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2020 жылғы 24 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Сенаттың кезекті отырысын бастайық. Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, алдымен күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі бірінші мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Осы мәселе бойынша баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Жамаубаев Ерұлан Кенжебекұлына беріледі.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу

туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы енгізіліп отыр.

Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылуы туралы өтпелі ережелерге сәйкес одақтың кедендік шекарасындағы Қырғыз Республикасының барлық өткізу пункттерін 24 ай ішінде, нақты айтсақ, 2017 жылдың 12 тамызына дейін модернизациялауды және материалдық-техникалық жарактандыруды қамтамасыз етуге өзіне міндеттеме алған болатын.

Қырғыз тарапы аталған мерзімде үлгермеді, осыған байланысты мемлекеттердің басшылары 2018 жылғы 14 мамырда Сочи қаласында мерзімді тағы да екі жылға ұзарту, яғни 2019 жылдың 12 тамызына дейін өзгеріс енгізу туралы хаттамаға қол қойған болатын. Дегенмен қырғыз тарапына бұл мерзім де жеткіліксіз болды. Сол себепті мемлекеттердің басшылары 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңес отырысының шеңберінде 48 айдан 72 айға дейін, яғни 2021 жылдың 12 тамызына дейін ұзарту туралы хаттамаға қол қойды.

Осы хаттаманы ратификациялау біздің еліміз үшін әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқтырмайды және республикалық бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Сіздерден осы хаттаманы ратификациялау бойынша оң шешім қабылдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Әріптестер, заң жобасы бойынша сұрақтарыңыз бар ма?

Слово предоставляется депутату Ершову Сергею Михайловичу.

ЕРШОВ С.М. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Уважаемый Ерулан Кенжебекович! В течение года мы во второй раз рассматриваем вопрос о продлении сроков завершения Кыргызской Республикой модернизации своих пунктов пропуска в связи с присоединением ее к Евразийскому экономическому союзу.

Как нам известно, в протоколе не предусмотрены какие-либо меры по невыполнению данных обязательств в указанные сроки. В связи с этим хотелось бы понять, есть ли уверенность в том, что кыргызская сторона в полном объеме выполнит свои обязательства и данное продление сроков станет окончательным? Спасибо.

ЖАМАУБАЕВ Е.К. Сергей Михайлович, спасибо за вопрос.

На самом деле исполнение международных договоров для всех нас является приоритетом. Здесь мы руководствуемся прежде всего такими принципами, как добрососедство, доверие и ответственность.

Вы задали правильный вопрос, на самом деле мы уже два раза продлевали. На этот раз мы выражаем большую надежду, что кыргызская сторона наконец закончит работу.

Работа велась по 14 пунктам, из них по 12 пунктам уже закончена. Они начинали работу прежде всего со стратегически важных пунктов. Эти два пункта являются не крупными. Им помогает российская сторона, выделила средства. Сейчас авиасообщение

открылось. Есть большая надежда, что в условленный срок закончат работу. Надежда есть со всех сторон.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ, Ерұлан Кенжебекұлы, орныңызға отырыңыз.

Слово для содоклада предоставляется члену Комитета по финансам и бюджету Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Протоколом предлагается продлить срок для Кыргызской Республики по модернизации своих пунктов пропуска на таможенной границе Евразийского экономического союза до 72 месяцев с даты вступления договора в силу, то есть до 12 августа 2021 года.

Продление срока позволит обеспечить обустройство и материально-техническое оснащение пунктов пропуска на государственной границе Кыргызской Республики.

Хотелось бы отметить, на таможенных пунктах Кыргызской Республики устанавливают современное оборудование, с помощью которого будет осуществляться контроль товаров посредством сканирования без участия должностного лица. Все автоматизировано, сканированная информация будет передаваться в центральный таможенный орган, где будет проводиться необходимый мониторинг.

На пропускных пунктах планируется применять систему управления рисками, которая позволит выявлять случаи, когда товар декларируется под неподходящим наименованием. Таможенные службы создадут специальные профили риска, что позволит определять недостоверное декларирование или неучтенные товары.

Уважаемые депутаты! В ходе рассмотрения законопроекта проведены заседания рабочей группы, комитета и расширенное заседание комитета. От постоянных комитетов Сената замечаний и предложений не поступило.

С учетом изложенного Комитет по финансам и бюджету в соответствии с пунктом 4 статьи 61 Конституции Республики Казахстан рекомендует принять Закон Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 года».

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Нұрғалиев Жеңіс Мирасұлына беріледі.

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі әріптестер! Еуразиялық экономикалық одақты құру идеясы Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевқа тиесілі екені белгілі. Ол оны 1994

жылғы 29 наурызда М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінде дәріс оқыған кезде айтқан болатын.

Бірлестік елдері азаматтарының өмірі үшін, жұмысы үшін одақ жұмысының қолайлы жағдайлар жасау бойынша оң әсер бергені белгілі.

Өндірістік өнім айналысының жалпы қағидаларының арқасында одақта тұтынушылар үшін сапалы және қауіпсіз тауарлардың саны өсті. Азаматтардың Еуразиялық экономикалық одақтың кез келген елінен алатын қызметтерінің сапасы артты.

Қырғыз Республикасы Еуразиялық экономикалық одаққа қосылу жөніндегі өтпелі ережелерге сәйкес Қырғыз Республикасының одақтың кедендік шекарасындағы барлық өткізу пункттерін жайластыруды және материалдық-техникалық жарактандыруды қамтамасыз ету міндеттемесін өзіне алды.

Қаржы министрлігінің ақпараты бойынша қазіргі уақытта Қырғызстандағы 14 өткізу пунктінің 12-і қайта құрылып, заманауи техникамен жабдықталған.

Тауарды есепке алу жүйесін жаңғырту, сондай-ақ контрабанданы қысқарту Еуразиялық экономикалық одақтың ортақ нарығын үшінші елдердің заңсыз өнімдерінен қорғау үшін қажет.

Хаттамамен Қырғыз Республикасы үшін өз пункттерін жаңғырту жөніндегі мерзімді ұзарту ұсынылады.

Хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одақтың шеңберіндегі елдер арасындағы ынтымақтастық деңгейін арттыруға мүмкіндік береді.

Мен осы заң жобасын қолдаймын. Құрметті әріптестер, сіздердің де қолдауларыңызды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз Құл-Мұхаммед Мұхтар Абрарұлына беріледі.

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Жаңа әріптесім Жеңіс Мирасұлы айтқандай, бұл біздің Елбасымыздың бастамасымен құрылған өте қажет одақ, экономикалық одақ, тауарларды сыртқа шығаратын одақ, интеграцияны күшейтетін одақ. Сөйте тұра бұл одақтың проблемасы азаймай отыр.

Дәл осы залда Сенат Төрағасы болып отырған кезде Қасым-Жомарт Кемелұлы Сыртқы істер министрлігіне бірқатар ескертулер жасаған. Атап айтар болсақ, қажетті болса да, қажетсіз болса да жиі-жиі түрлі протоколдарға өзгерістер түсіріле береді, ол түсірілген өзгерістер Парламентке келеді, Парламенттің қос Палатасы қарап, оларға үнемі толықтырулар енгізіп отырамыз. Сөйте тұра (жаңа кеден мәселесі көтеріліп жатыр ғой) Қазақстанның көрші елдерге шығатын тауарларын сол елдегі федералдық чиновниктің дәрежесіндегі бір адам тоқтатып тастайды. Сонда бұл екі мемлекеттің басшысы қол қоятын болса, екі елдің Парламенті қарайтын болса, оны бір федералдық чиновник тоқтатып тастайтын болса, оның қандай заң болғаны? Бұл біріншіден.

Екіншіден, қазіргі кезде әлеуметтік желіні көп алаңдатып отырған мәселенің біреуі – Қазақстан шекарасында қазір 3 мыңға жуық қырғызстандық азамат тұр. Олардың өз еліне кіре алмай тұрғанына Қазақстанның ешқандай қатысы жоқ, кінәсі жоқ. Оны қырғыз

тарапы үлкен автобустардың керуенін ұйымдастырып, сол жерден өзінің территориясына кіргізу керек еді (бүгін кеден мәселесін қарап жатырмыз ғой). Өкінішке қарай, олар кіргізе алмай отыр. Сол себепті кейбір әлеуметтік желілерде бұл мәселе бойынша Қазақстанды кінәлап отырған адамдар да бар.

Біздің бүгінгі отырысымызға Сыртқы істер министрінің орынбасары Сыздықов Марат Зеникенұлы қатысып отыр екен. Әлеуметтік желілердегі осы мәселелерге Сыртқы істер министрлігі шығып, оның ушықтырылуын күтпей-ақ Қазақстан тарапының әлдеқашан дайын екендігін, ал оны ұйымдастыру, транспортты ұйымдастыру, территориясына кіргізу, кедендік пропускной пункттен өткізу – Қырғызстанның өз шаруасы екендігін неге түсіндіріп айтпайды?

Мен осы мәселе бойынша Сыртқы істер министрі орынбасарының пікірін білгім келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Марат Зеникенұлы, жауап беріңіз.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! Данный вопрос находится в ведении Министерства торговли и интеграции. Они ведущие разработчики, орган, который ведет евразийскую интеграцию.

Что касается Министерства иностранных дел. Мы отвечаем за те вопросы, которые предусматривают недопущение политизации деятельности Евразийского экономического союза.

Хотелось бы отметить такой момент. Вопросы интеграции, развития отношений в рамках ЕАЭС – это живой процесс, невозможно заранее предусмотреть некоторые вопросы. В ходе работы, переговоров постоянно возникают какие-то новые обстоятельства, нюансы, которые требуют внесения каких-то изменений. В этом плане, наверное, можно объяснить принятие каких-то протоколов к действующим выработанным решениям глав государств.

Хотел бы сказать, что это живой процесс, обновление должно быть постоянным.

ТӨРАҒА. Марат Зеникенович! Мухтар Абраулы, в том числе и я этот вопрос поднимали, что часто вносим изменения в подписанные договоры и протоколы. Помимо этого, Мухтар Абраулы говорит о том, что есть вопросы по прохождению границы именно со стороны кыргызских граждан. Эта проблема возникает не по вине Казахстана. В этой ситуации Вам, видимо, не нужно на кого-то ссылаться, вам вместе с коллегами из других министерств, Пограничной службы нужно проводить соответствующую разъяснительную работу. И такую работу нужно проводить не эпизодически, не когда возникают какие-то проблемы, а на системной основе, регулярно освещать, объяснять, если какие-то проблемы возникают, не ждать пока вопрос поднимается, а оперативно давать разъяснения. Если это не по нашей вине, объяснять, почему это возникает. Если по нашей вине (я говорю на будущее) что-то возникает, то способствовать оперативному решению таких вопросов. Марат Зеникенович, пожалуйста, учтите в дальнейшей работе.

СЫЗДЫҚОВ М.З. Все понятно, спасибо.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды.

Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі келесі мәселе Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб әмірліктері арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде.

Баяндама жасау үшін сөз Бас Прокурордың орынбасары Ахметжанов Марат Мұратұлына беріледі.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, қадірлі депутаттар! Сіздерге Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы кезекті шартты ратификациялау үшін келіп отырмыз.

Бүгінгі шарт сотталған адамдарды беру туралы. Бұның алдында қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек туралы және қылмыс жасаған адамдарды жауапқа тарту үшін ұстап беру жөніндегі шарттарды бекіттік.

Осы шартпен екі ел арасындағы қылмыстық саладағы толық келісімдер жинағы жасалып отыр.

Қазір екі елдің өзара қарым-қатынасы жақсы дамуда, арамызда виза жоқ, сауда, туризм, инвестиция тарту шаралары артып келеді. Жыл сайын көші-қон саны өсуде.

Мынаны айта кеткен жөн, Біріккен Араб Әмірліктерінде бар жекелеген қылмыстар мен жазалар түрлері бізде жоқ. Мысалы, оларда ораза бұзу, қоғамдық жерде алкоголь ішу, некесіз жыныстық қатынасқа түсу қылмыс болып саналады. Бірақ екі мемлекеттің де заңы бойынша негізгі қылмыс пен жаза түрлері ұқсас.

Жалпы біз басқа елде қылмысы үшін жауапқа тартылған азаматтарға қол созуға тиіспіз, себебі мемлекет үшін шетелде жүрген азаматтарды қорғау, қамқорлық көрсету – Конституция жүктеген міндет. Сондықтан қылмыс жасады деп айыпталған азаматтардан бас тартпаймыз, олардың туған жерінде, әлеуметтік ортасында жазасын өтеуіне мүмкіндік жасаймыз.

Енді шартқа келсек, оның негізгі мақсаты – сотталғандарға жазасын елінде өтеуге жағдай жасау.

Бүгінгі шарт үлгілі негізде жасалған. Құжатта сотталған адамды беру мен одан бас тарту жағдайлары нақты көрсетілген. Шартқа сәйкес сотталған адамдарды беру үшін ол

қабылдаушы тараптың азаматы болуы тиіс, сотталған адамның келісімі керек, үкім күшіне енуі тиіс, сонымен бірге әрекет екі жақта да қылмыс болып табылу керек және басқа да негіздер бар.

Ал мынандай жағдайларда сотталғандарды беруден бас тартуы мүмкін:
егер беру сол ел егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе өзге де ұлттық мүдделеріне нұқсан келтіруі мүмкін болса;
әскери қылмыс болып саналса;
қабылдаушы тараптың заңнамасы бойынша үкімді орындау мүмкін болмаса;
сотталған адамның беруші елде орындалмаған айыппұлы немесе басқа мүлдіктік міндеттері болса.

Қазіргі таңда Қазақстанның алты азаматы Бірлескен Араб Әмірліктерінде жазаларын өтеп жатыр. Шарт күшіне енген соң оларды елге қайтаруға мүмкіндік туады.

Қазақстанда сотталған Біріккен Араб Әмірліктерінің азаматтары жоқ.
«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес бұл құжат ратификациялауға жатады, себебі адамның құқықтарына тікелей қатысты.

Шартты іске асыру бюджеттен қосымша қаражат талап етпейді.

Құрметті депутаттар, шартты қолдауларыңызды сұраймыз. Рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма? Сөз депутат Жүсіп Нұртөре Байтілесұлына беріледі.

ЖҮСІП Н.Б. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Марат Мұратұлы, әр елдің салты басқа, аттары қара қасқа деген бар ғой, сол сияқты Біріккен Араб Әмірліктерінің де өздерінің заңдары бар. Мысалы, олар біздің Қазақстанда қылмыс деп саналмайтын түсік жасату, некенің адалдығын бұзу, алкогольді ішімдіктер ішу, құмар ойындарын ойнау деген сияқты нәрселерге байланысты қатаң жаза қолданады. Білмеген у ішеді дегендей біздің азаматтар сол заңдарды білмегендіктің салдарынан сондай пәлекетке ұрынса, олар тиісті өтініштер берсе, олардың жазасын Қазақстанда өтеуге қайтаруға бола ма? Ауыстыруға бола ма деген сұрақ. Рақмет.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңа мен айтып кеттім, ол жақта да, біздің жақта да біздің ұлттық заңнамамен ол әрекет қылмыс болып табылуы тиіс. Өкінішке қарай, жаңағы сіз айтып кеткен нәрселер, ол қасақана жасалатын нәрселер, ол білмей жасалатын әрекеттер емес. Мысалы, ораза кезінде көшеде мас күйінде жүру бізде де әкімшілік құқық бұзушылықта көрсетілген. Мысалы, заңсыз түсік жасату. Егер медициналық қажеттілік болатын болса, ол қылмыс болып саналмайды. Бірақ айтып кету керек, бұл жерде біраз әрекет дүре соғу, не болмаса айыппұл салумен ғана шектеледі, түрмеге отырғызылмайды.

Біздің алты азамат біздегі Қылмыстық кодексі бойынша жазаға тартылып отыр.

Біздің Қылмыстық кодексте 467 бап, оларда 434 бап. Соның 10 бабы ғана бір-бірімен сәйкес келмейді, ал 98 пайызы оларда да қылмыс болып табылады, бізде де қылмыс болып табылады. Сондықтан ешқандай кедергі болмайды деп ойлаймыз.

Туристік агенттіктер, ішкі істер қызметкерлері азаматтарға сыртқа шығарда осындай әрекеттер жасасаңыздар, ол жақта ол қылмыс болып саналып, қылмыстық жауапқа тартылуларыңыз мүмкін деп түсіндірме жұмыстарын жүргізеді.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Алдашев Сүйіндік Тасеменұлына беріледі.

АЛДАШЕВ С.Т. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Марат Мұратұлы! Ресми ақпараттар бойынша бүгінгі таңда шетелдерде еліміздің 831 азаматы қамауда отыр екен. Халықаралық шарттар 21 елмен жасалған. Әр жыл сайын, мысалы, 2019 жылы 28 адам қайтарылған, биыл 10 адам елімізге қайтарылған. Жоспарда Өзбекстан, Кипр, Перу, Доминикан Республикасымен шарт жасасу бар деп отырсыз.

Менің сұрағым мынандай. Шарттар жасақталғанда қандай критерийлерге (қағида болсын, тәжірибе болсын), ұстанымдарға сүйеніп дайындалады, жоспарланады? Алдағы бес жылға ісшаралар жоспары бар ма? Рақмет.

АХМЕТЖАНОВ М.М. Сұрағыңызға рақмет.

Жаңағы айтылған сан қатып қалған сан емес, күнде өзгеріп тұрады ғой. Бүгінгі таңда Қазақстанның 735 азаматы шетелдің абақтыларында отыр. Олардың 70 пайызы Ресейде отыр (537 азамат). Олар біздің азаматтар болып танылғанымен олардың тұрмысы, отбасы, жұмысы сол жақта. Егер қайтам десе, оларда толық мүмкіндік бар. Бізде екіжақты шарт бар, сол шарт бойынша қайтуға мүмкіндік бар.

Осы екі жылдың төңірегінде (2019 – 2020 жылы) үш азаматты Ресей бізге беруден бас тартты. Оларды келтірген залалдары өтелген кезде бізге алуға мүмкіндік беріп отыр. Ал біздің азаматтарымыздан бас тарту деген мәселе жоқ.

Сіз дұрыс айтып кеттіңіз, отырғандардың 90,6 пайызы – ТМД елдерінің азаматтары.

Енді осындай шартты біз Өзбекстан елімен қарастырып отырмыз, өйткені біздің 24 азамат Өзбекстанда жазаларын өтеп жатыр, ал 400-ге жуық өзбек азаматы біздің түрмелерімізде отыр. Сондықтан осы шартқа қол қойған кезде сол Өзбекстан азаматтарына елдеріне қайтуға мүмкіндік туады (егер олардың келісімі болса).

Жаңа айтып кеттік қой, бұл сотталған адамдарды беру тек қана екі жақ арасында. Ал жалпы бізде 68 елмен осындай шарт бар. Ол дегеніміз бүгінгі таңда біздің ұлттық қылмыстық заңнамамыз халықаралық стандарттарға сай келеді деген сөз. Мысалы, Еуроодақ елдерімен, Испаниямен, Румыниямен, Венгриямен толық шарттарымыз бар. АҚШ конвенциясы бойынша 26 елмен шарт бар. Минская, Кишиневская конвенции.

Қазір жеті шартқа қол қоюды жоспарлап отырмыз, оларды да сіздерге ратификациялауға алып келеміз.

Біз сараптама жасаймыз, егер осы қол қойылған шарттар біздің азаматтарымыздың кепілдігіне, бостандығына нұқсан келтіретін болса біз де бас тартамыз. Көрінгенмен біз қол қойысып жатырған жоқпыз, олар да біздің заңнамамызды қарайды. Жаңа айтып кеткенімдей, Сауд Арабиясымен бар, Біріккен Араб Әмірліктерімен бар.

Конституция бойынша бізге тікелей міндеттеме жасалып отыр, елімізден тыс жерде біздің азаматтар жүрсе, біз оларға құқықтық көмек және қамқорлық көрсетуіміз керек. Сол үшін осы шарттарға қол қойып отырмыз.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақ жоқ. Марат Мұратұлы, сізге рақмет, орныңызға отыруға болады.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің мүшесі Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызына беріледі.

АЙТПАЕВА С.М. Құрметті Төраға, құрметті әріптестер! Сотталғандарды бас бостандығынан айыру түріндегі жазаны одан әрі өтеу үшін ол азаматты тиесілі мемлекетке беру жеке адамның құқықтарын, бостандықтары мен мүдделерін қорғауға ықпал етеді. Бұл сотталғандарды түзеуді тиімді жүзеге асыру, құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін қорғау, сотталғандарға әлеуметтік бейімделуге көмек көрсету үшін халықаралық ынтымақтастықтың ізгілік актісі.

Қазақстандықтардың мемлекеттермен қарым-қатынасы көбейіп барады. Өмірде әртүрлі жағдай болады. Бүгінгі заң жобасының ең басты мақсаты – екі мемлекет арасында сотталған адамдарға жазаларын одан әрі өз елдерінде өтеуге мүмкіндік беру, олардың қоғамға интеграциялануына жәрдемдесуге ниет жасау.

Заң жобасының негізгі міндеті сотталған адамдарды беру мәселелері бойынша екі мемлекеттің құзыретті органдарының өзара іс-қимылын регламенттеу болып табылады.

Шартта сотталған адамдарды беру тетігі жазылған. Олар міндеті түрде орындаушы мемлекеттің азаматы болуы тиіс.

Шарт орындалу үшін Қазақстан Республикасынан орталық орган ретінде Бас прокуратура, ал Біріккен Араб Әмірліктері үшін Әділет министрлігі белгіленген.

Шарт ережелерінің талаптарына сәйкес сотталған адам жазасын немесе оның қалған мерзімін одан әрі өтеу мақсатында үкім шығарушы мемлекеттің аумағынан үкімді орындаушы мемлекет аумағына берілуі мүмкін. Шарт ол күшіне енгенге дейін және одан кейін сотталған адамға қатысты қолданылады.

Сонымен қатар шарт сотталған адамдарды үшінші елдер арқылы транзиттеуді реттейтін нормаларды көздейді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Конституциясына қайшы келмейді, «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелеріне сәйкес келеді және нормативтік құқықтық актілерге қойылатын талаптарға жауап береді.

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере келе, Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб әмірліктері арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңын Сенат

отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны қабылдауды ұсынады.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшейік. Сөз депутат Сафинов Қанатбек Бейсенбекұлына беріледі.

САФИНОВ Қ.Б. Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Шет мемлекеттерде жазаларын өтеп жатқан азаматтарымызды жазаны өтеу үшін елге қайтару – мемлекет тарапынан атқарылатын ізгілікті іс. Ол жат ортада жазасын өтеп жүрген азаматтарымызды неғұрлым қолайлы ортаға ауыстыру арқылы олардың құқықтарының шектелуін азайтуға, жаза өтеуін оңайлатуға мүмкіндік береді.

Шетелде жүрген азаматтар қуанышты ғана емес, басқа да әртүрлі өмірлік жағдайларға тап болады. Бұл жағдайларда шарттың ережелері республикадан тыс жерлерде жүрген азаматтарды қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік беру бойынша Конституцияның 11-бабының 2-тармағын жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Еліміздің Біріккен Араб Әмірліктерімен дипломатиялық ынтымақтастығы мен сауда-экономикалық, мәдениет, туризм және инвестиция саласындағы қарым-қатынасы 28 жыл бойы дамып келеді.

Жалпы алғанда, елден тыс жерде сотталу біздің азаматтарға қаржы тапшылығы, туыстарымен кездесу және басқа жағдайларда қиындық туындатады.

Шартты ратификациялау шетелдіктерге және біздің азаматтарымызға басқа елде қылмыс жасаған жағдайда өз отандарында жазаларын өтеп, босатылған кезде қоғамға тез арада бейімделіп, өздеріне жақын ортаға қосылуларына және әлеуметтік жағынан жағдайды жақсартуға мүмкіндік береді.

Аталған заң жобасының азаматтарымыздың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудегі маңыздылығын ескере отырып, әріптестеріме осы заң жобасын қолдауды ұсынамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Талқылау аяқталды. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Бұл заң жобасы бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі мәселелер толық қаралды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Слово предоставляется Перепечиной Ольге Валентиновне.

ПЕРЕПЕЧИНА О.В. Спасибо, Маулен Сагатханович.

Депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину Аскару Узакпаевичу. Остановлюсь на основных моментах.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! В 2012 году принята Концепция местного самоуправления, где одной из основных задач является расширение финансовой и экономической самостоятельности нижнего уровня управления.

Во время выезда в регионы и встреч депутатов с представителями местного сообщества поднимался ряд проблемных вопросов по внедрению четвертого уровня бюджета на местах, связанных с дисбалансом бюджетов местных самоуправлений, длительностью согласования и утверждения бюджетов сельских округов, нехваткой квалифицированных кадров, отсутствием качественной интернет-связи, интеграции информационных баз данных государственных органов, работой информационной системы «Казначейство-Клиент» и самим принципом финансовой самостоятельности.

Основная причина дисбаланса бюджета четвертого уровня заключается в низкой обеспеченности расходов сельских бюджетов собственными доходами, что является повсеместным явлением, особенно в сельских округах численностью менее 2 тысяч населения, а их у нас 56 процентов. Уровень самодостаточности в прошлом году составлял 20,4 процента, а в этом году – чуть более 11 процентов.

Расходы бюджета четвертого уровня должны осуществляться по 19 направлениям, фактически в основном финансируются только четыре (функционирование аппаратов акимов, благоустройство населенных пунктов, организация бесплатного подвоза учащихся), все остальные направления (организация водоснабжения, ремонт и содержание дорог и другие направления развития жизни села) финансируются, а иногда и не финансируются с районного бюджета, и местное сообщество не влияет на принятие этих решений.

Влияние пандемии коронавируса и принятые антикризисные меры, а именно освобождение от уплаты некоторых видов налога до 2023 года, также сказываются на снижении доходов сельских акиматов. Все это способствует уменьшению доли собственных доходов.

Также сдерживающим фактором увеличения налогооблагаемой базы сельских округов являются несовершенство информационных систем учета недвижимости, земли и автотранспорта, неактуальные базы данных.

Таким образом, основным источником финансирования расходов сельского акимата по-прежнему остаются субвенции и целевые трансферты из вышестоящих бюджетов.

В Послании Главы государства Касым-Жомарта Кемелевича Токаева от 1 сентября 2020 года сказано, что «государственным органам следует предоставить бюджетную самостоятельность местному самоуправлению. Это позволит оперативно решать задачи и уйти от коллективной безответственности и волокиты».

Сегодня министерствами национальной экономики и финансов прорабатываются вопросы внедрения контроля за использованием местными исполнительными органами субвенций, передаваемых из республиканского бюджета, тогда как действующие нормы

Бюджетного кодекса не допускают вмешательства Правительства и иных центральных государственных органов в самостоятельный бюджетный процесс областей.

В случае принятия предполагаемой нормы будет нарушен принцип самостоятельности бюджета местного самоуправления, снизится оперативность, практически в 10 раз увеличится объем документооборота на всех уровнях бюджета.

Кроме этого, в связи с внедрением бюджета четвертого уровня и увеличением объема документов информационная система «Казначейство-Клиент» оказалась неготовой работать в штатном режиме. В системе происходят постоянные сбои и технические проблемы, для регионов доводятся графики приема документов. Часть бюджетных средств по итогам восьми месяцев была не освоена по этой причине.

Следующий вопрос – это обеспечение квалифицированными кадрами. Полагаем, что в условиях внедрения четвертого уровня бюджета оптимизация аппаратов сельских округов на 25 процентов, где один работник выполняет целый ряд функций, отрицательно скажется на качестве их работы.

С учетом изложенного просим дать ответы на следующие вопросы.

1. Что планируется сделать Правительством для реального дальнейшего развития местного самоуправления?

2. Какие меры принимаются по упрощению бюджетного процесса?

3. Не будет ли предлагаемый государственными органами подход ограничивать возможность местного бюджета направлять (перенаправлять) бюджетные средства на решение острых социально значимых вопросов региона?

4. Повлияет ли данный подход на эффективное и своевременное освоение бюджетных средств?

5. Прорабатываются ли подходы по компенсации потерь в связи с введением налоговых каникул для микро- и малого бизнеса?

6. Каковы технические возможности местных бюджетов? Когда будет достигнут стопроцентный охват интернетом наших населенных пунктов?

7. Когда и как будут разрешены проблемы в работе информационной системы «Казначейство-Клиент»?

Уважаемый Аскар Узакпаевич, озвученные проблемы – это только часть вопросов, возникающих в ходе внедрения бюджета четвертого уровня. Сегодня в условиях ограниченных ресурсов граждане должны реально участвовать в процессе принятия бюджетных решений и повышении эффективности расходов, которые должны обеспечить повышение благосостояния наших граждан.

Депутаты Комитета по финансам и бюджету».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Төреғалиев Нариман Төреғалиұлына беріледі.

ТӨРЕҒАЛИЕВ Н. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне жолданады.

«Құрметті Аскар Ұзақбайұлы! Мемлекет басшысы биылғы өзінің Қазақстан халқына Жолдауында «Азаматтарды, әсіресе балаларды кибербуллингтен қорғау үшін заңнамалық шаралар қабылдайтын уақыт келді» деген болатын.

Әлемдік статистика бойынша адам күніне 6-7 сағат интернетте отырады екен, яғни интернет ықпалының қандай екені айтпай-ақ түсінікті. Интернет желісінде отырған ересектерге қарағанда оңы мен солын танып үлгермеген балалар мен жасөспірімдер үшін алаңдайтын болдық. Себебі балалар бір қарағанда үйде ата-анасының қасында сияқты көрінгенімен, олар көп уақытын ғаламторда, желіде өткізетінін байқамай да жатамыз. Енді мәселеге тереңірек үңілсек, біздің санамызға бойлап кіріп, миымызды улап жатқан «буллинг, моббинг, хейзинг, кибермоббинг, кибербуллинг» сияқты бұрын-соңды естімеген лексикондарға құлағымыз да, етіміз де үйрене бастады. Осы аталған шетелдік терминдер ағылшын тілінен аударғанда әлеуметтік желі мен түрлі мессенджерлер арқылы адамды қорлау, қорқыту, қудалау, мазақтау, бір сөзбен айтқанда адамды интернетте, оның ішінде әлеуметтік желіде қорлау.

Бүгінде жат ағымның жетегінде кеткен жастардың басым көпшілігін осы кибер шабуылдың құрбаны деп санауға болады. Кибербуллингтің құрбаны кез келген адам болуы мүмкін. Алайда зардап шеккендер мен олардың қудалаушыларының негізгі жасы 11-16 жас аралығындағы жасөспірімдер, демек еліміздегі жасөспірімдердің 12 пайызға жуығы осы кибербуллингтен зардап шеккендер.

Елді дүрліктірген пандемия балаларды қашықтықтан оқыту арқылы компьютер мен мобильді телефоннан бас алмайтын жағдайға әкелді. Осындайда бала сабағын оқып жатса нұр үстіне нұр ғой, ал ата-анасы білмейтін түрлі қосымшаларды жүктеп, интернет кеңістігін шарлап жатса қандай жағдайға тап болатыны бізге мәлім. Осының салдарынан балаларымызға ата-анасының тәрбиесі емес, ғаламтордың тәрбиесінің рөлі жоғары ма деген сұрақ туындайды. Күні кеше «Егемен Қазақстан» газетінде жарық көрген кибербуллинг: «Жалған аккаунттан жапа шеккендер», «Казахстанская правда» газетінде жарияланған «Трагедия или образ жизни?» атты мақалаларында аталған мәселелердің өзектілігін тағы да көрсетіп отыр.

Негізінен кибербуллинг құрбандарына айналған жасөспірімдер қорыққанынан өзіне қысым жасалып жатқаны туралы ешкімге тіс жармайды. Соны білген қылмыскерлер арам ойларын экранның арғы жағында отырып-ақ жүзеге асыра береді. Кибербуллингпен көп жағдайда педофилдер мен психикалық ауытқулары бар адамдар айналысады. Олар жалған аккаунттар ашып, бүлдіршіндердің сеніміне кіріп, алғашында достық қарым-қатынас орната отырып жеке ақпараттарына қол жеткізеді. Сонан соң психологиялық манипуляция жасай отырып, ой-санасын улайды. Әдетте мұндай қылмыстар қарапайым виртуалды достық хат алмасулардан басталып, қорқытумен өз-өзіне қол жұмсауға дейін алып келеді.

Тағы бір себеп әлеуметтік желілер арқылы таралған ойындар: «Көк кит», «Тыныш үй», «Қызыл жапалақ», «Мені сағат 04:20-да оят» тағы басқа дүние жүзін дүрліктіріп қана қоймай, енді осындай ойындар қазақ тілінде пайда бола бастағаны қоғамды алаңдатуда. Ішкі істер министрлігінің мәліметіне сәйкес Арыс қаласының тұрғыны «ВКонтакте» әлеуметтік желісі және «Telegram» мессенджері арқылы балаларды суицидтік сипаттағы ойындарға тартқаны анықталды. Сондықтан да дәл қазіргі қоғам үшін адамның құқықтарын, соның ішінде балалардың құқықтарын қорғау, оларды буллинг пен кибербуллингтен сақтау маңызды.

Бұл бағытта әлемде көптеген елдер интернет-платформалардың қауіпсіздік деңгейін арттыру, заңнама бойынша жұмыс істеу және балаларды, олардың ата-аналарын кибербуллингтен қорғау мақсатында тиісті заңдарды қабылдауда.

Мысалы, Германияда кибербуллинг ұйымдастырған азаматтар 10 жылға дейін бас бостандығынан айырылуы мүмкін болса, Ресейде Қылмыстық кодекс пен Әкімшілік кодекске түзетулер енгізу қолдау тапты.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Көтеріліп отырған аса маңызды мәселе өскелең ұрпақтың тағдырына және мемлекет мүддесіне теріс әсерін тигізетіндігін ескере отырып, шұғыл арада бұл дертпен күресу жолдарын қарастыру қажет екендігін хабарлаймыз.

Біріншіден, буллинг пен кибербуллингке тосқауыл қою үшін интернеттегі парақшалар мен мессенджерлердегі топтарға мониторингті күшейту, мектептер мен оқу орындарында «Кибербуллинктің зардаптары» тақырыбындағы тәрбие сағаттарын өткізу, арнайы мамандарды дайындау, мұғалімдер мен ата-аналарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу, информатика пәніне кибербуллингке қарсы қосымша сабақтар енгізу қажет.

Екіншіден, балалардың интернеттегі қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ететін ұлттық жоба әзірлеу қажет.

Үшіншіден, жекелеген мемлекеттерде кибербуллингіні қылмыстық әрекет ретінде қарастыратын заңдар қолданылатынын ескере отырып, осы елдердің заңнамасын зерделеу, сондай-ақ Қазақстанда бар практиканы талдау қажет деп санаймыз. Олардың нәтижелері бойынша біздің азаматтарымызды буллингтен қорғауды жалпы күшейту бойынша да, атап айтқанда, қылмыстық жауаптылықты қатандату бойынша да заңнаманы жетілдіру орынды деп санаймыз. Қазақстанның қолданыстағы Қылмыстық кодексінің нормалары осы бөлікте жаңа қалыптасқан үрдістерді ескермейді және қазіргі уақыт талаптарына сай келмейді.

Құрметпен, депутаттар Әбдіров, Сүлеймен және комитет мүшелері».

ТӨРАҒА. Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күні. Биыл осы мерекенің 75 жылдығын атап өттік. Сол айтулы датаның жалғасы ретінде іске асыратын сауапты да жауапты істің бірі – Кеңес қолбасшылығының кінәсі мен жіберген қателігінен тұтқынға түскен, жат жерде көз жұмған бірнеше жүз мыңдаған қазақстандық жауынгерді ақтау.

Біздің хатымызға өзек болған соғыс құрбаны, өмірінің соңына дейін туған жерінде ақталмаған Әлім Алмат мырзаның ұрпақтарының бізге жасаған өтініші. Бұл өтініштің қысқаша мазмұны төмендегідей:

«Әлім Алмат 1917 жылы Ақтөбе облысы, Ырғыз ауданында туған. Ташкендегі, Алматыдағы музыка училищесінде білім алады. 1939 жылы қызыл әскер қатарына шақырылып, екі жыл Польша шекарасында қызмет етеді. Елге қайтар кезде, 1941 жылы соғыс басталып кетеді. Маусым айының соңында Әлім Алмат дивизиядағы 560 адаммен бірге тұтқынға түседі. Соғыс басталғандағы қызыл әскердің аса мүшкіл халі, Кеңес Одағы ставкасының ұйымдастырушылық қателіктері салдарынан ондаған, жүздеген мың кеңес әскері жаппай тұтқынға түскені мәлім. Тұтқындарды түгел Германияға айдаған. Олар

фашистердің концлагеріндегі барлық адам төзгісіз қиындықтарды басынан кешеді. Училищеде скрипка пәнінен білім алған Әлім Алматы соғыста жүргенде де қолынан скрипкасын тастамаған. Тіпті, өзінің өмірін аман сақтап қалған сол скрипкасы көрінеді. Концлагерьдің бастығы болған неміс азаматы музыканы жақсы көретін, өзі күйсандықта ойнайтын адам екен. Ол талантты жігітті өзіне шақырып, өнерін құрметтеп, ас-суын беріп, аман қалуына себепкер болады.

1943 жылы Әлім Алматы Германияда тұратын қазақтың біртуар перзенті Мұстафа Шоқайдың жары Мария Шоқай анамызға бірнеше рет хат жазып, кейінірек сол кісінің көмегімен тұтқыннан босап шығады. Германияның төлқұжатын алып, музыка училищесіне оқуға қабылданады. Мария Шоқай онымен шектелмей, талантты музыканттың әуелі Париждегі консерваторияға оқуға түсуіне, кейінірек түрік елшілігі арқылы Түркия азаматтығын алуына жәрдемдеседі.

Сөйтіп, Әлім Алматы 1950 жылы Парижден Ыстамбұлға көшеді. Ол өмірінің соңына дейін сол қалада тұрып, консерваторияда дәріс беріп, опералық театрда музыкант болып жұмыс істейді. Ыстамбұлда башқұрт қызы Едігеге үйленіп, одан бір ұл дүниеге келеді. Әлім Алматы 1992 жылы еліміз егемендік алғаннан кейінгі алғашқы құрылтайда Қазақстанға келеді. Ырғызға барып, ағайындарымен көрісіп, 53 жылдан кейін туған жерінің топырағын сүйеді. Сол уақыттан бастап өзінің ел алдында ар-намысының таза екенін айтып, ақтауды сұрап Қазақстан Үкіметіне үш мәрте арыз жазады. Бірақ онысы оң нәтиже бермейді. 2018 жылы Әлім Алматы 101 жасында дүниеден өтті. Оның өзінің, артында қалған ұрпақтарының, ағайын-туыстарының жалғыз арманы – туған жерінде ақталу ғана еді».

Бұл бір ғана адамның тағдыры. Мұндай адамдар жүздеп, мыңдап саналады. Қорғаныс министрлігінің берген мәліметі бойынша Қазақстаннан соғысқа аттанған азаматтардың саны 1 миллион 196 мың адам, соның ішінде 322 мың адам майданда көз жұмған. Соғыстан оралғандардың саны – 595 мың адам, ал соғыстан оралмағандардың саны – 601 мың адам, демек Әлім Алматыпен тағдырлас 600 мыңнан астам адам бар деген сөз. Олардың көбінің артында іздеушісі, сұраушысы жоқ, кейбіреулері ұрпақсыз қалған жандар. Бір өкініштісі, сұрапыл соғыстың біткеніне 75 жылға жуық уақыт өтсе де біз өз отанын, жерін жаудан қорғаған жандардың есімін, ар-абыройын ақтауды қолға алған жоқпыз.

Хатымызды әзірлеу барысында Ұлы Отан соғысына қатысушылардың нақты санын білмек болып, Қорғаныс және Ішкі істер министрлігіне, Ұлттық қауіпсіздік комитетіне сұрау салып, хат жаздық. Жаудың тұтқынында болған қазақ жауынгерлерінің ақталған және ақталмағандарының саны жөнінде ақпарат алу үшін құзырлы мекемелер сырғытпа жауап жазып, бір-біріне сілтеді. Ішкі істер министрлігінің жауабында архивтік құжаттардың құпия болып табылатыны айтылған. Сонда біз тұтқындардың тағдырын кімнен жасырамыз, кімнен құпия ұстаймыз? Өзімізден бе, әлде өзгелерден бе? Әлемнің барлық елдері жерінің тұтастығы, халқының азаттығы үшін күрескен жауынгерлерін ақтап, мемлекеттік актілер қабылдады, сөйтіп ақиқат пен әділдікті қалпына келтірді.

Әлім Алматы бізбен бауырлас Түркияның азаматы атанып, сүйегі сол елде жерленді. Ал қалған жарты миллионнан астам боздақтардың сүйегі қайда қалды?

Жапон, неміс, америка ұлты соғыста өлген әрбір солдаттың сүйегін, топырағын еліне апарып, құрметтеп жерлейді.

«Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейді қазақ. Олай болса, жаудың тұтқынында қаза болған барлық жауынгердің тағдырын толық зерттеп, аты-жөнін елге жариялайық. Елбасымыз ұстанған «рухани жаңғырудың» бір жолы осы болмақ!

70 жылдан аса уақыт туған елін аңсап, ақталатын күнді зарыға күтіп, Түркияда көз жұмған Әлім Алматты жоғалтқан Қазақстан аса дарынды, ұлы музыкантынан айрылды. Ал қабірі түгілі, сүйегінің қайда қалғаны беймәлім 600 мыңнан астам адамның ішінде қаншама ғалым, инженер, философ, музыкант кетті.

Осыған байланысты мынадай мәселелерді шешуді ұсынамыз:

Біріншіден, соғыс тұтқындарына қатысты ресми мәліметтер тиянақталып, бір жүйеге келтіріліп, халыққа ашық қолжетімді болуы тиіс. Құзырлы мемлекеттік органдар бұл мәселеде бірлесіп жұмыс істеуі керек. Тұтқында қаза болған барлық жауынгердің тағдырын толық зерттеп, аты-жөнін елге жариялайық.

Өз отанын жаудан қорғау жолында көз жұмған, жат елдерде қалған барлық соғыс тұтқынын ақтайтын арнайы қаулы шығарып, мемлекеттік акті қабылдайық.

Әлім Алматтың өмірі мен өнер жолынан сыр шертетін, жас ұрпақ үшін тағылымы мол көркем фильм түсірілсе нұр үстіне нұр болар еді.

Құрметпен, Сенат депутаттары Құртаев, Бақтиярұлы, Жұмағазиев». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Дүйсембаев Ғұмар Исламұлына беріледі.

ДҮЙСЕМБАЕВ Ғ.И. Рақмет, Төраға. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Маминге жолданады.

«Уважаемый Аскар Узақпаевич! В Послании народу Казахстана от 1 сентября 2020 года Главой государства поставлена задача – до 2025 года реконструировать 24 тысячи километров республиканских дорог в рамках Государственной программы «Нұрлы жол». В ней предусматривается реконструкция автодорог «Атырау – Уральск» и «Мукур – Кульсары», проходящих по территории Атырауской области. Ранее при посещении области с рабочей поездкой Президент также дал поручение Правительству, одним из пунктов которого был вопрос о выделении средств на реконструкцию вышеуказанных автомобильных дорог республиканского значения.

Несмотря на то, что Атырауская область является одной из основных доноров, по качеству дорог область является одной из худших в республике. Доля автодорог республиканского значения, находящихся в хорошем и удовлетворительном состоянии, по области составляет всего 66 процентов, тогда как средний показатель по республике составляет 88 процентов.

За последние годы статистика области по дорожно-транспортным происшествиям неутешительна. Так, за период 2016 – 2017 годы произошло 65 ДТП, то уже за период 2018 – 2019 годы количество возросло до 111 случаев, в которых погибли 59 и получили ранение 209 человек.

Отмечается увеличение интенсивности движения на автодороге «Атырау – Уральск». В настоящее время нагрузка и интенсивность по дороге составляет 7 тысяч автомобилей в сутки, что не соответствует текущим параметрам дороги.

В проекте республиканского бюджета на 2021–2023 годы на эти цели предусмотрены средства в размере 4,4 миллиарда тенге, при этом ориентировочная стоимость реконструкции одного километра автодорог составляет 400-600 миллионов тенге, а нормативная продолжительность строительства три года. Возникает сомнение в успешной реконструкции дороги протяженностью 487 километров за указанные средства и в установленные сроки.

Учитывая сказанное, просим пояснить, за счет каких средств и в какие сроки планируется завершение реконструкции данной дороги.

Также вызывает беспокойство положение дороги «Мукур – Кульсары». На текущий момент дорога находится в плачевном состоянии, на всем протяжении полностью отсутствует твердое покрытие. Вместе с тем данная автодорога является самым коротким транспортным сообщением между морским портом Актау с остальной частью Казахстана через Актюбинскую область. Реконструкция автодороги позволит сократить путь на 150 километров между городами Актобе и Актау и разгрузить движение грузового транспорта на Тенгизское месторождение по дороге «Атырау – Актау». При этом в государственной программе не указан источник финансирования.

В связи с изложенным, во исполнение поручения Главы государства Правительству необходимо принять меры по определению источников финансирования вышеназванных проектов и их своевременному завершению.

Уважаемый Аскар Узакпаевич, в соответствии со статьей 27 Конституционного закона Республики Казахстан «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» просим Вас дать письменный ответ по поднимаемым вопросам.

Депутаты Дюсембаев, Лукпанов, Турегалиев».

ТӨРАҒА. Слово предоставляется депутату Лукину Андрею Ивановичу.

ЛУКИН А.И. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Мой депутатский запрос адресован Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину.

«Уважаемый Аскар Узакпаевич! Мой депутатский запрос касается улучшения ситуации в сфере аккредитации и сертификации. В связи с этим предлагаю следующее.

Первое. Разработать электронную платформу, которая позволит:
исключить бумажный документооборот, оцифрование всех процессов подтверждения соответствия (сертификации и аккредитации);

обеспечить прозрачность и отслеживание всех этапов работ по аккредитации и обращений субъектов аккредитации и иных заинтересованных лиц по вопросам аккредитации, сертификации и технического регулирования;

установить обратную связь всех уполномоченных служб и органов при Комитете технического регулирования и метрологии для эффективной работы с населением и субъектами аккредитации и сертификации.

Второе. Внедрить институт референтных лабораторий, деятельность которых является гарантом наилучшего качества при осуществлении испытаний. Для этого в Законе «О техническом регулировании» определить:

компетенцию Правительства по утверждению правил присвоения испытательной лаборатории статуса референтной лаборатории;

права и обязанности референтной лаборатории и основания осуществления их деятельности;

понятия «референтная лаборатория», «референтная функция», «область референтной деятельности» и «арбитражная лаборатория».

Все эти предложения связаны с тем, что в нарушение подпункта 4 статьи 1 Закона Республики Казахстан от 5 июля 2008 года «Об аккредитации в области оценки соответствия» до сих пор не проведен конкурс по определению органа аккредитации.

С 2008 года в соответствии с постановлением Правительства Республики Казахстан «Об определении органа по аккредитации» от 27 августа 2008 года № 773 единственным национальным органом по аккредитации в области оценки соответствия является ТОО «Национальный центр аккредитации». В результате только за последние четыре года выдано более 15 тысяч незаконных сертификатов и 1700 деклараций, на основании которых в страну завезено более 600 тысяч товаров на сумму около 11 миллиардов тенге.

Должностными лицами ТОО «Национальный центр аккредитации» произведена незаконная выдача аттестатов аккредитации, использованы стандарты, которые даже не приняты в Республике Казахстан, а также известны нарушения финансового законодательства Республики Казахстан.

Имеют место факты фиктивного производства отечественной продукции, о чем сказал Глава государства в своем Послании. В прошлом году Региональной палатой предпринимателей «Атамекен» города Алматы выдан АО «Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан» сертификат «СТ-KZ» на изготовление телевизоров в количестве почти 60 тысяч штук. Однако АО «Эл Джи Электроникс Алматы Казахстан» приобретает готовые детали в Южной Корее (корпусные детали) и в дальнейшем их реализует как продукты отечественного происхождения, хотя условием для выдачи такого сертификата о происхождении товара является изготовление корпусных деталей телевизора.

Выдача таких сертификатов дает возможность и освобождает от таможенных пошлин и налогов на ввозимые товары, естественно, это скидки и приоритеты при государственных закупках. И эти факты не единичны, они присутствуют в деятельности таких предприятий, как ТОО «Фармактив», ТОО «IDC» и так далее.

Кроме того, имеют место такие нарушения законности, как сертификация при неполном пакете документов, сертификация при предоставлении недостоверных сведений на товар, выдача подложных сертификатов, выдача сертификатов без осуществления обязательного выезда на завод-изготовитель, оформление сертификатов организациям, от которых зависим субъект аккредитации, осуществление сертификации вне области аккредитации, нарушение процедуры оценки и подтверждения соответствия, использование приборов, которые не прошли обязательной поверки, осуществление сертификации специалистами, которые находятся в отпуске или за пределами страны, проведение поверочных работ лицами, которые не имеют сертификата об аттестации, подделка дипломов эксперта и проблемные вопросы в правоприменительной практике и законодательстве.

1 сентября 2020 года в своем Послании народу Казахстана Глава государства отметил, что имеются случаи, когда дешевые и некачественные импортные товары выдаются за отечественные и побеждают в закупочных конкурсах. Реестр отечественных производителей и промышленные сертификаты пока не стали реальным барьером для лжепроизводителей.

В целях исключения коррупционных случаев в сфере сертификации Глава государства поручил в течение следующего года разработать новую нормативно-правовую базу деятельности субъектов МСБ.

На сегодняшний день в нашей стране сложилась ситуация, когда внутренний рынок более чем на половину заполнен небезопасной, некачественной, в том числе несертифицированной продукцией. Действующая система государственного контроля Республики Казахстан не позволяет применять превентивные меры для недопущения ввоза несоответствующей продукции.

На основании изложенного, а также во исполнение Послания Главы государства от 1 сентября 2020 года прошу Правительство рассмотреть вышеуказанные проблемы в сфере аккредитации и сертификации, а также пробелы в правоприменительной практике и законодательстве.

В соответствии со статьей 27 Конституционного закона «О Парламенте Республики Казахстан и статусе его депутатов» о результатах рассмотрения депутатского запроса и принятых мерах по их реализации прошу дать письменный ответ в установленный законом срок.

Полный текст депутатского запроса прилагается.

С уважением, Лукин».

ТӨРАҒА. Коллеги, в соответствии с Регламентом Сената на депутатские запросы отводится 5 минут. Сегодня несколько депутатов нарушили регламент, но я не стал останавливать, отключать микрофон. Понято, что депутатские запросы хорошие, я их поддерживаю, все мы их поддерживаем. Но есть Регламент Сената Парламента Республики Казахстан, которому мы должны следовать. Прошу это учесть.

Келесі сөз Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГІТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы, жаңағы айтқаныңызды ескеруге тырысамын. Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Нұрдәулетовке арналады.

«Құрметті Ғизат Дәуренбекұлы! Бүгін өзіңізге жолдап отырған депутаттық сауалымыздағы мәселе мені ең алдымен ана ретінде, әйел адам ретінде, осы мемлекеттің азаматы ретінде қатты аландатып отыр. Мәселе кәмелет жасына толмаған балаларды сексуалды сипаттағы қылмыстардан қорғау және олардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету жайлы.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев биылғы Жолдауында: «Балалардың қауіпсіздігі мен құқығын қорғау мәселесіне ерекше назар аудару керек» деген еді.

Біз кәмелеттік жасқа толмаған балаларға қатысты жыныстық сипаттағы әрекеттер үшін қылмыстық жазаны едәуір қатандаттық. Алайда қылмыстың бұл түрі азаяр емес.

Біздің ойымызша, бейкүнә балаға осыншама зорлық қылған қылмыскерлерді рақымшылық алудан да дәмеленбейтіндей, мерзімінен ерте босап шығатын құқығынан айырып, тәртібі барынша қатаң түзеу мекемелеріне оқшаулаған жөн.

Мұндай әрбір істі прокуратура органдары ерекше бақылауға алуға тиіс.

Статистикаға сүйенетін болсақ, Қазақстанда соңғы 4 жылда осындай қылмыстар үшін 1868 адам кінәлі деп танылған. Олардың 539-ы ғана 10 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айырылған. Ал көпшілігіне мұндай жаза қолданылмаған да. Қазіргі кезде кәмелетке толмағандарға қатысты сексуалды сипаттағы қылмыс жасағаны үшін 1600 адам жазасын өтеп жатыр.

Тағы да статистикаға сүйенсек, педофильдердің көбі бостандыққа шыға сала бір жылдың ішінде сол қылмысты қайта жасайды екен. Яғни келесі жолы дәл сондай қылмысқа баруға түрмедегі өмірі сабақ болмаған.

Осы жылдың өзінде ғана кәмелетке толмаған балаларға қарсы жасалған қылмыс 8 пайызға өскен. Мұны тоқтату үшін қатаң жаза қылмысты жасаған адамға ғана емес, сол қылмысқа жол берген, фактілерді жасырған, қылмыскердің жалтаруына мүмкіндік берген азаматтарға да қолданылуы керек деп ойлаймыз.

Мұны айтуыма себеп биыл тамыз айында Орал қаласында болған оқиға. Есіңізде болса, 12 жасар қызға қатысты сексуалды сипаттағы қылмыс жасағаны үшін 21 жастағы сотталушыға шығарылған үкім ақпарат көздеріне тарап, қоғам назарында болды.

Бұқаралық ақпарат құралында осы қылмысқа қатысты Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 120-бабы «Зорлау» бойынша іс қозғалды делінген еді. Алайда алқалық сот сотталушыға «Он алты жасқа толмаған адаммен жыныстық қатынас», яғни 122-бап негізінде айып тағып, «2,5 жылға бас бостандығын шектеу» деген үкім шығарды. Алқалық соттың бұл үкімі әлеуметтік желіге тарап, халықтың түрлі эмоцияға толы қызу талқысына ұшырады.

Елімізде кәмелетке толмаған балаларға қарсы жасалатын қылмыспен күрес ұлттық заңнама арқылы ғана емес, халықаралық деңгейде қабылданған нормалар қолдану арқылы да жүргізіледі. Алайда халықаралық деңгейде балаларды қорғайтын екі маңызды құжатқа Қазақстан әлі де қол қоймаған. Олар мыналар:

- 1) Балалар құқықтары туралы конвенцияның үшінші факультативтік хаттамасы;
- 2) Европа одағының балаларды сексуалды эксплуатациядан және сексуалды зорлық-зомбылықтан қорғау конвенциясы. Бұл конвенцияға қосылған мемлекеттер баланы жезөкшелікке тарту, мәжбүрлеу немесе секс-тауар ретінде көріп пайдалану, балалар порнографиясын өндіру, ұсыну, тарату, сатып алу, сақтау үшін қылмыстық жаза қарастыруға міндетті. Сондай-ақ осы мәселеге қатысты шешімдер қабылдау барысында Біріккен Ұлттар Ұйымы Комитетінің Қазақстан Республикасының адам құқықтары жөніндегі кезеңдік баяндамасына берген ұсынымдарын ескеру қажет деп ойлаймыз.

Біздің депутаттық сауалымыздың тоқетері мынау:

Қазақстан Республикасы Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың осы мәселе бойынша берген тапсырмасын орындау барысы туралы ақпарат берулеріңізді және

осы саладағы халықаралық конвенцияларға қосылу және имплементациялау бойынша заңнамалық ұсыныстар енгізулеріңізді;

халықаралық тәжірибені саралап, қылмыстық заңнама қолданысын талдап, балаларға қарсы жыныстық сипатта жасалған қылмыстың барлық түрілеріне қатысты жазаны қайта қарап, қатаңдату бойынша ұсыныстар әзірлеуіңізді сұраймыз.

Бейкүнә сәбиге қарсы жасалған зорлық үшін берілетін жаза қылмыстың ауырлығына сай болмаса ақылға сыймайтын үкім шығарып халықтың ашу-ызасын тудырмауымыз керек. Балаларымыздың көз жасына, обалына қалмайық.

Мұндай жағдайларды болдырмайтын бір ғана дүние бар, ол – әділдік.

Депутаттар, Дана Нұржігітова, Владимир Волков».

ТӨРАҒА. Басқа сауалдар жоқ.

Құрметті әріптестер! Бүгін ратификациялауға қатысты маңызды заңдарды қарап, нәтижелі жұмыс істедік. Баршаңызға рақмет.

Осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ
2020 жылғы 24 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырда қол қойылған хаттамаға өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменения в Протокол об условиях и переходных положениях по применению Кыргызской Республикой Договора о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, отдельных международных договоров, входящих в право Евразийского экономического союза, и актов органов Евразийского экономического союза в связи с присоединением Кыргызской Республики к Договору о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года, подписанный 8 мая 2015 г.», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Е.К. ЖАМАУБАЕВТЫҢ баяндамасы

Доклад Министра финансов Республики Казахстан ЖАМАУБАЕВА Е.К. 1

Сөз сөйлеген:

Выступил:

ЕРШОВ С.М. 2

Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі С.А. КАРПЛЮКТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по финансам и бюджету КАРПЛЮКА С.А. 3

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРҒАЛИЕВ Ж.М. 3

ҚҰЛ-МҰХАММЕД М.А. 4

СЫЗДЫҚОВ М.З. – Қазақстан Республикасы Сыртқы министрінің орынбасары, заместитель Министра иностранных дел Республики Казахстан 5

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасы мен Біріккен Араб Әмірліктері арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Договора между Республикой Казахстан и Объединенными Арабскими Эмиратами о передаче осужденных лиц», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары
М.М. АХМЕТЖАНОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад заместителя Генерального Прокурора Республики Казахстан
АХМЕТЖАНОВА М.М. 6

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

ЖҮСІП Н.Б. 7

АЛДАШЕВ С.Т. 8

**Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары
комитетінің мүшесі С.М. АЙТПАЕВАНЫҢ баяндамасы**

Доклад члена Комитета по конституционному законодательству, судебной системе и правоохранительным органам АЙТПАЕВОЙ С.М. 9

Сөз сөйлеген:

Выступил:

САФИНОВ Қ.Б. 10

**Депутат О.В. ПЕРЕПЕЧИНАНЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ПЕРЕПЕЧИНОЙ О.В. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У.

**Депутат Н. ТӨРЕҒАЛИЕВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ТУРЕҒАЛИЕВА Н. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 12

**Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-
Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата КУРТАЕВА А.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 14

**Депутат Ғ.И. ДҮЙСЕМБАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы**

Депутатский запрос депутата ДЮСЕМБАЕВА Г.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 16

Депутат А.И. ЛУКИНИНҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.У. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЛУКИНА А.И. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 17

Депутат Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры Ғ.Д. Нұрдәулетовке депутаттық сауалдары


Депутатские запросы депутата НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. к Генеральному Прокурору Республики Казахстан Нурдаулетову Г.Д. 19

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева